

## Дәрілік затты медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық ФИЛЬТРУМ®

### Саудалық атауы

Филтрум®

### Халықаралық патенттелмеген атауы

Жоқ

### Дәрілік түрі

400 мг таблеткалар

### Құрамы

Бір таблетканың құрамында

белсенді зат:

гидролизді лингин (100 % затқа шаққанда) 400 мг;  
қосымша заттар: повидон, кальций стеараты, натрий кроскармеллосасы.

### Сипаттамасы

Қараңшыл түсті, сур-ноңыр теңбілдері бар, екі жағы дөңес қапсула тәрізді сызығы бар таблеткалар.

### Фармакотерапиялық тобы

Ішек адсорбенттері. Басқа ішек адсорбенттері.

АТХ коды А07ВС

### Фармакологиялық қасиеттері

#### Фармакокинетикасы

Лингин асқазан-ішек жолында сіңірілмейді, 24 сағат ішінде толығымен ішектен шығарылады.

#### Фармакодинамикасы

Филтрум® – ағаштың құрамдас бөліктерінің гидролиздік өнімдерінен тұратын табиғи энтеросорбент, құрылымдық элементтері фенилпропан және гидроцеллюлоза туындылары болып табылатын лингин полимери.

Жоғарғы дәрежеде сіңірілгі өсерге және спецификалық емес ұйтсыздандыратын өсерге иеленген.

Ішекте патогендік бактериялармен, бактериялық токсиндермен дәрілік препараттармен, ауыр металлдардың тұздарымен, алкогольмен, аллергендермен, сондай-ақ зат алмасуының кейірі өнімдерінің шамадан тыс бөлігімен, оның ішінде билгирубин, холестерин, гистамин, серотонин, мочеви́на, эндогенді токсикоздың пайда болуына жауап беретін басқадай метаболиттермен байланысады және оларды организмнен шығарады.

#### Қолданулы

– дәрілік препараттармен, алкалоидтармен, ауыр металлдардың тұздарымен, алкогольмен жедел улануларда

– тағамдық токсикоинфекциялар, салымоңелездер, дизентерия (кешенді ем құрамында)

– айыпн ұйттанумен қатар жүретін іріңді-қабынбалы ауруларда

– гипербилгирубинемия және гиперазотемия (бауыр және бүйрек жетіліксіздігі)

– тағамдық және дәрілік аллергия

– зиянды өндіріс қызметкерлерінде созылмалы ұйттанулардың профилактикасында

#### Қолдану тәсілі және дозалары

Ересектерде және 0 айдан бастап балаларға шығу тегі әр түрлі экзогенді және эндогенді ұйттану кезінде ұйтсыздандырылғыш зат ретінде, ішке, 6 жасқа дейінгі балаларға – тамақтанар және басқа дәрілік заттарды қабылдау алдында 1 сағат бұрын алдын ала ұнтақтан және 5-10 мл тазартылған суға ерту керек.

Препарат дозасы жақса, дене салмағына және аурудың ауырлығына байланысты. 0-ден 6 айға дейінгі балаларға орташа бір реттік доза таблетканың 1/4, күніне 3 рет; 6 айдан 1 жасқа дейінгі балаларға күніне 3 рет – таблетканың 1/2; 1-3 жас – 1/2-1 таблетка күніне 3 рет; 4-7 жас – 1 таблетка күніне 3-4 рет; 7-12 жас – 1-2 таблетка күніне 3-4 рет; ересектерге – 2-3 таблетка күніне 3-4 рет.

Жедел жағдайларда еміңн ұзақтығы 3-5 күн, аллергиялық ауруларда және созылмалы ұйттануларда 14-21 күн.

Қайталанған курстар тек қана дәрігердің ұсынысы бойынша жүргізілуі тиіс.

#### Жағымсыз өсерлері

Сирек

– аллергиялық реакциялар

– іштің қатуы

– витаминдердің, кальцийдің сіңірілуінің бұзылуы

#### Қолдануға болмайтын жағдайлар

– препаратты жеке көтере алмаушылық

– асқазан және 12 елі ішек ойық жара ауруының асынуы, ішек атониясы

#### Дәрілермен өзара әрекеттесуі

Кейірі ішке қабылданатын препараттарды бір мезгілде қолданғанда, олардың емдік өсері төмендеуі мүмкін.

#### Айрықша нұсқаулар

Препараттың бөліп қабылданатын ережесін сақтаған кезде басқадай дәрілік препараттармен біріктіріп кешенді ем түрінде қолдануға болады.

#### Жүктілік және лактация

Қолдануда шектеулер жоқ.

*Автовакитті немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне ықпал ету ерекшеліктері*

Өсер етпейді.

#### Шығарылу түрі және қаптамасы

10 таблеткадан поливинилхлоридті үлбірден және баспалы лакталған алюминий фольгадан жасалған пішінді ұяшықты қаптамаға салынады. 1 немесе 5 пішінді ұяшықты қаптамадан медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынады.

#### Сақтау шарттары

Құрғақ, жарықтан қорғалған жерде, 30 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

#### Сақтау мерзімі

2 жыл

Қаптамада көрсетілген мерзімнен кейін пайдалануға болмайды

#### Дерханалардан босатылу шарттары

Рецептіз

#### Өндіруші/қаптаушы:

«АВВА РУС» ААҚ, Ресей

610044, Киров қ-сы, Луганская к-сі, 53а-үй.

Тел. +7 (8332) 25-12-29.

[www.avva.com.ru](http://www.avva.com.ru)

#### Тіркеу куәлігі иесінің атауы және елі

«АВВА РУС» ААҚ, Ресей

#### Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан өнім (тауар) сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын ұйымның мақсатжайы

«АВА Kazakhstan» ЖШС, Қазақстан Республикасы

050057, Алматы қ-сы, Бұхар Жырау к-сі, 66/120-үй, 101-2 кеңсе.

Тел. 8 (727) 274-11-17.

e-mail: [info@avva-rus.ru](mailto:info@avva-rus.ru)